

2009 жылға сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін төлемақылардың ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы N 81 шешімі. Ақтөбе облысының Темір аудандық Әділет басқармасында 2009 жылдың 16 қаңтарда N 3-10-93 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 сәуірдегі N 111 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 сәуірдегі N 111 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99 "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық Кодексі) 530 бабының 3 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Темір ауданы бойынша сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және елді мекендерде орналастырылатын жарнама объектілері бойынша базалық төлемақы ставкаларының мөлшері айына 2 еселенген көлемінде бекітілсін.

2. Темір аудандық мәслихатының 2007 жылғы 13 желтоқсандағы N 14 "2008 жылға сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін ай сайын төленетін төлемақылардың ставкаларын бекіту туралы" (тіркеу N 3-10-64) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудандық мәслихат</i>	<i>Аудандық мәслихат</i>
<i>сессиясының төрайымы</i>	<i>хатшысы</i>
<i>Р.САТАНОВА</i>	<i>С.ЖАҒАБЕРГЕНОВА</i>